

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданындағы 05-079-002, 05-079-003 есептік кварталдарында сұралып отырған жер участеклері тұстамасындағы су объектілерінің су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 25 тамыздағы № 301 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 17 қыркүйекте № 7549 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е ск е р т п е с і .

Күжаттың мөтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-балтарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстай мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануы мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мыналар:

1) осы қаулының қосымшасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданындағы 05-079-002, 05-079-003 есептік кварталдарында сұралып отырған жер участеклері тұстамасындағы су объектілерінің су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданындағы 05-079-002, 05-079-003 есептік кварталдарында сұралып отырған жер участеклері тұстамасындағы су объектілерінің су қорғау аймақтары аумағында шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеулері аумағында шектеулі шаруашылық қызмет режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бекітілген жобалық құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Ұлан ауданының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы үәкілетті мемлекеттік органдарға тапсырын.

3. Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;
- 3) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроОнеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысы әкімі

Д. Ахметов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Экология, геология және табиғи ресурстар

министрлігі Су ресурстары комитетінің

Су ресурстарын пайдалануды реттеу

және қорғау жөніндегі Ертіс бассейніндік

инспекциясының басшысының міндетін атқарушы

M. Иманжанов

2020 жылғы "___"

*Шығыс Қазақстан облысы
әкімдігінің 2020 жылғы*

25 тамыздағы № 301

қаулысына қосымша

**Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданындағы 05-079-002, 05-079-003 есептік
кварталдарындағы сұралыштың отырған жер участкелері тұстамасындағы су
объектілерінің су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері**

Су объектісі, оның участкесі	Су қорғау аймақтары			Су қорғау белдеулері		
	Ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м	Ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м
1	2	3	4	5	6	7
№ 1 жер участкесі						
Желдізек бұлағы, он жақ жағалау	0,056	5,34	500	0,1266	0,44	35
№ 1 атауы жок бұлақ он жақ жағалау	0,053	0,8	122-131,6	0,06	0,21	35
№ 2 жер участкесі						
№ 1 атауы жок бұлақ он жақ жағалау	1,695	87,1	500	1,79	6,3	35
№ 1 атауы жок бұлақ сол жақ жағалау	0,4266	25,4	500	0,5936	2,1	35
№ 2 атауы жок бұлақ он жақ жағалау	0,7705	34,4	372-500	0,8377	2,9	35
№ 2 атауы жок бұлақ сол жақ жағалау	1,695	97,2	522-757	2,0165	7,1	35
№ 3 атауы жок бұлақ он жақ жағалау				0,1494	0,5	35
бастау	0,4828	14,0	500	0,065	0,2	35
тоган	0,416	5,0	500	0,05	0,1	35

Ескертпе:

Су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерінің шекаралары мен ені бекітілген жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты» ШЖҚ РМК